

ЭСКАТО қосымша аймақтық семинарын ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 27 тамыздағы N 406

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Экономикалық реформалар саясатын жүзеге асырудың негізгі проблемалары" ЭСКАТО қосымша аймақтық семинарын ұйымдастыру және оны 1996 жылы қыркүйектің 4-6 дейінгі мерзімде Алматы қаласында өткізу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Экономика министрлігімен, Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақ стратегиялық зерттеулер институтымен және басқа да мүдделі ұйымдармен ЭСКАТО қосымша аймақтық семинарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі мен Үкіметі Аппаратының Шаруашылық Басқармасы ЭСКАТО қосымша аймақтық семинарына қатысушыларды орналастыру және көлікпен қамтамасыз етуге көмектессін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ЭСКАТО қосымша аймақтық семинарын өткізуге және қабылдауды ұйымдастыруға байланысты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ұсынған есептеулер мен шоттар бойынша көрсетілген қызметтер үшін жұмсалған шығыстарды өтеуге қажетті қаражат бөлсін.

5. Қосымша аймақтық семинарға қатысушылардың (30 адам, оның ішінде 25 шетелдік қатысушы) жол шығыны, тұру, тамақпен және көлікпен қамтамасыз ету төлемі ЭСКАТО қаражатының есебінен төленетіндігі назарға алынсын.

Премьер-Министр